

# Бүгінгі тақырып: Ұлы мәртебелі уақыт. Фразеолгизмдер



ДАЯРЛАҒАН: п.ғ.к доцент Д.Р.  
Жарықова

**Уақыт** - оқиғаның ұзақтығы және тізбектілігін сипаттайтын физиканың негізгі түсініктерінің бірі.

**Фразеологизм дегеніміз** – тұрақты сөз тіркесі. Ол екі немесе одан да көп сөздердің тұрақты түрде тіркесуі арқылы жасалып, ауыспалы, бейнелі мағынаны білдіретін сөз тіркестері болып табылады.



Уақыт өлшемдеріне байланысты тұрақты сөз тіркестерінде – адам баласы өзін қоршаған мың сан дүниеге деген сезімін де білдіріп отырады. Ұлы мәртебелі уақытты құрметтеу, қастерлеу, аялау, т.б. толып жатқан мағынаны ажырататын эмоционалды сөз легі арқылы көрсетеді. Фразеологизмдердің этномәдениеттің қоймасы, этномәдениетті сақтаушы және бүгінгі заманға жеткізуші (трансляциялаушы) қызметтері көрер көзге ұрып тұрады. Халықтың байырғы күнтізбе жүйесі, уақыт пен кеңістік өлшемдері, халық астрономиясы, дәстүрлі мәдениет институттары т.б. қатысты ұғымдар, тірлікте болмағанмен тілде сақталған мифологиялық, этнографиялық көнеліктер көбіне фразеологиялық тіркестер құрамында кездеседі

**Қазақта уақытқа қатысты тұрақты сөз  
тіркестері:**

***«қас қағым сәт»***

***«көзді ашып-жұмғанша»***

***«қамшының сабындай қысқа ғұмыр»***

# Осы фразеологиздерді бірге талдайық



Ит өлген жер



Таяқ тастам жер



Қас пен көздің арасында



**УАҚЫТ ТУРАЛЫ ҰЛЫ АДАМДАРДЫҢ АЙТҚАНЫ:** «Бес нәрсе келмей тұрып, бес нәрсенің қадірін біліңдер: 1) Кәрілік келмей тұрып жастық шақтың, 2) Ауру келмей тұрып денсаулықтың, 3) Жұмысбастылық келмей тұрып бос уақыттың, 4) Кедейлік келмей тұрып байлықтың, 5) Өлім келмей тұрып өмірдің қадірін біліңдер!» Хасан Басри.

Ақын Абай Құнанбайұлы он бесінші қара сөзінде «...Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күніңді өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» – деген емес пе? Күнімізді қалай өткізіп жүрміз? Бүгін кімге қандай жақсылық жасадыңыз? Өкінбестей етіп өткіздіңіз бе? Ата-ана алдындағы қарызыңызды өтей алдыңыз ба?



### *Ал бір кейіпкер болса:*

“Бір минуттың ішінде жиырма беттік газеттің тақырыптарын шолып шығуға болады. Ал егер компьютердің алдында отырып әріп теретін болсақ, елуден аса сөз терер едім. Сол бір минутта жарнама көруді жақсы көретін адамға берсек, бестен онға дейінгі жарнама көруге үлгереді. Спортшы болса, сол уақыт аралығында **400 метрге жүгіріп** келуіне болады. Тағы айтарым, егер косметикалық заттар шығаратын ірі фабрикаға кірсеңіз, бір минуттың ішінде жаңа технологияның көмегімен **20-дан астам кремді құтысына құйып**, сыртын орап, жәшіктерге салып қоюға толық мүмкіндік бар. Ал тіпті футбол матчы болса, бір минуттың ішінде екі күшті командалардың тағдырлары шешіледі. Денсаулық сақтау саласында сол бір минут ішінде **бір науқастың өмірін құтқарып** қалуға болады. Тағысын тағы...” – деп жауап берген.



Мезгіл сол уақыттың бір сәтін ғана айқындайды. Мысалы: елең-алаң, түс-кеш, түн ортасы т.б. Қыс, көктем, жаз, күз – мезгіл өлшемдеріне жатады Мерзім өлшемдері: бір сәт, қас қағым, ә дегенше (1 сек), сүт пісірім (5-10 мин), бие сауым (1,5 сағат), ет пісірім (2,5-3 сағат), жарты күн, бір түн (тәуліктік) (24 сағат), апта (7 күн), ай (30-31 күн), тоқсан (3 ай), жыл (365 күн) немесе 12 ай, ғасыр (100 жыл). Адам өмірі де: жас (1 жыл), мүшелмен (12 жас) есептеліп, бір мүшел (13 жас), екі мүшел (25 жас), үш мүшел (37 жас), төрт мүшел (49 жас) ... т.с.с. бөлінеді. Мерзім өлшеміне күн, ай аттары да жатады.





NCEHS

# Суретті сөйлетіңіз



# УАҚЫТПЕН БІРГЕ ЖҰМЫС



**Назарларыңызға  
рақмет!**